

**«Балбала» бөбекжай-бақшасы» МКҚК балаларына бірлескен
медициналық қызмет көрсету бойынша**

№1 КЕЛІСІМ – ШАРТ

Шалқар қаласы

2024 ж.

«Балбала» бөбекжай-бақшасы, бұдан әрі МДБМ деп аталады. Жарғы негізінде әрекет ететін, оның уақытша меңгерушісі **Мухит Айгүл** бір жағынан, және Шалқар аудандық ауруханасы, бұдан әрі Емхана деп аталатын, аға дәрігер **Купенов Е.А.**, екінші жағынан, төмендегі келісім – шартты жасасты:

1.Келісім – шарттың мәні.

1.1. «Балбала» бөбекжай-бақшасы МКҚК тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

2.Тараптардың міндеттері.

2.1.МДБМ міндетті:

2.1.1.МДБМ тәрбиеленушілерін скринингтік тексеруден өткізу жұмысын ұйымдастыру үшін бөлме дайындауға;

2.1.2.Медициналық тексеруден өту үшін дайындалған бөлмеге балабақша балаларының келуін қамтамасыз етуге;

2.1.3.Медициналық кабинетті дәрі – дәрмекпен жабдықтауға;

2.1.4.Мекеме ішінде салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізуге;

2.1.5.МДБМ-не тек қана Емхана бекітіп берген медициналық құжаттары бар балаларды қабылдау: (026/у ф.баланың денсаулық төлқұжаты, 026/у-3 ф, 063у ф.) Туберкулезге қарсы диспансерде фтизиатр дәрігерде тексерілуге медициналық жолдамасы болған жағдайда, МДБМ-не келуге тек осы дәрігердің қортындысымен ғана рұқсат етіледі.

2.1.6.Емханаға МДБМ –не келетін ағымдағы жылдағы балалардың санын беру;

2.1.7.Жоспарлы профилактикалық шаралар (екпелер, энтеробиозға тексеру, құрт жұмыртқаларына қал тапсыру, ЖҚТ, ЖЗТ, т.б.) және графикке сәйкес көрсетілген уақытта денсаулық сақтаудың аумақтық органдарының бұйрығына сай балалар денсаулығын жақсартудың кешенді шараларын жүргізу;

2.1.8.Емханаға қажетті жағдайда мәлімет беріп отыру;

2.1.9.МДБМ медициналық персоналдың біліктілігін көтеруге ықпал ету.

2.2.Емхана міндетті:

2.2.1.Жоспарлы профилактикалық шаралар (екпелер, энтеробиозға тексеру, құрт жұмыртқаларына қал тапсыру, ЖҚТ, ЖЗТ, т.б.) және графикке сәйкес көрсетілген уақытта денсаулық сақтаудың аумақтық органдарының бұйрығына сай балалар денсаулығын жақсартудың кешенді шараларының орындалуына бақылау жүргізуге;

2.2.2.Балаларға медициналық қызмет көрсету үшін дәрігер, қажет болған жағдайда тәрбиеленушілердің ата-аналарымен келісімімен мамандар жіберуге немесе оларға баруға кеңес беруге;

2.2.3.МДБМ тәрбиеленушілеріне емдік – профилактикалық көмек көрсетілуін ұйымдастыру;

2.2.4.Аудандық ауруханамен бекітілген жоспарлы – профилактикалық шаралар бойынша жұмыс жүргізу.

2.2.5. Арнаулы процедуралық кабинет жоқ МДБМ –лерінде балаларға аудандық аурухана ғимаратында вакцинация жасауға;

2.2.6. Балаларға вакцинация егу бойынша санитарлық – гигиеналық талаптарды қатаң сақтауға;

2.2.7. МДБМ-сін осы мекемеге келетін балаларға медициналық көмек көрсетуді жетілдіру шаралары мен емдік – профилактикалық шаралар жұмыстарының барысы туралы хабарлап отыру.

3. Тараптардың жауапкершілігі.

3.1. Аталған міндеттемелер орындалмаған жағдайда тараптар бағыныштылығына қарай жоғары тұрған органдарға шағымдануға құқылы.

4. Келісім – шарттың мерзімі.

4.1. Келісім-шарт тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді де күнтізбелік жыл аяғына дейін күшінде болады. Егер тарап тәртіп біреуі мерзімі біткенге дейінгі 15 күн ішінде өзінің келісім – шартты бұзғаны келетіні туралы хабарламаса, ол тағы бір күнтізбелік жылға созылған болып есептеледі.

4.2. Келісім – шарт үш (үш) данада жасалды. Оның үшеуінің де заңдық күші бірдей.

5. Тараптардың реквизиттері.

Мекеме атауы:

«Балбала» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

БСН : 121240018006

Мекен- жайы: Ақтөбе облысы,

Шалқар ауданы, ст.Бершүгір,

О.И.Отарбаев көшесі, №2

Менгеруші М.у.а: Мухит А.

М.О.



(Handwritten signature of Mukhit A.)

Мекеме атауы:

Шалқар аудандық аурухана

БСН : 990140004009

Мекен жайы: Ақтөбе облысы,

Шалқар ауданы, Сейітов көшесі №33

Басшысы: Кутенов Е.А.

М.О.



(Handwritten signature of Kutenov E.A.)